

Бакыт ЭБЖЕТ

филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
(bakyt.abzhet@ayu.edu.kz) ORCID:0000-0001-6795-0455

Қазақ халқының қыз тәрбиесіндегі негізгі ұстанымдар мен қалыптасқан дәстүр ерекшелігі

Аннотация

Макалада казақ халқының ұлттық дәстүрінде қыз тәрбиесіне қатысты ғасырлар бойына қалыптасқан дәстүр ерекшелігі жайында сөз болады. Қыз бала дүниеге келген кезден бастап берілетін тәрбие, қолданылатын түрлі ырымдар мен сенімдердің шығу себептері, қызды өз үйінде қонақ ретінде сыйлауы, ұзатылған кезге шейін өз үйі мен туыстары арасында берілетін ұлттық тәғылымның маңыздылығы, қыз баланың өзін ұстаяу, тұрмысқа шықкан жағдайда нені ескеру керек, барған жерінде қалай жүріп-тұру керектігі турасында баяндалады. Сонымен бірге басқа бір үйге қыдырып барған жағдайда да тұрмысқа шықпаған қызды үй иесі сыйлап төрге отырғызған. Қонақтарға табақ-табақ ет тартылған кезде қыздарға арнайы сойылған малдың құйымшағын, шашы ұзын боп өссін деп піскен жылқының желкесін жетізетін болған. Қызды төрге отырғызыса сол шаныракка күт конады, егер босағана отырғызыса қыздың қырсықтығы сол босағадан кетпей қояды деп сенген. Қазақ халқы қай кезде де қыздың қоңліне қаяу түсіруден корықкан. Мұндай ырым тек қана қазақ халқында емес, сондай-ақ Алтай түркілерінде де ұшырасады. Ғасырлар бойына қалыптасқан ұлттық дәстүрдің ауылды жерлерде әлі күнге сакталғандығы, қалалы жерлерде ұмытыла бастауының себептері де макалада жан-жакты баяндалады.

Кілт сөздер: Қөшпелі, киіз үй, қыз тәрбиесі, сәүкеле, қонақкәде, рулық қатынас, қыз ұзату.

Bakyt ABZHET

Candidate of Philological Sciences, Associate Professor

Leading researcher of the Research Institute of Turkology, Khoja Akhmet Yassawi

International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan

(bakyt.abzhet@ayu.edu.kz)

Fundamental Principles and Features of Stereotyped Customs of Upbringing Girl in Kazakh Culture

Abstract

The article deals with the idea of the Kazakh people about the upbringing of girls, as well as their upbringing in the family. Also, this study analyses the reasons for the appearance of various superstitions and beliefs associated with the birth of a girl, the

attitude to the girl as a guest in the family, the importance of education received in the house from family and relatives before marriage, the behavior of the girl, what you need to know when entering into marriage and how to behave in the husband's house. Girls were not allowed to sit on the doorstep. In addition, if a young, unmarried girl came to visit someone, the owners of the house, welcoming her cordially, were seated in a place of honor. Distributing meat in trays, the girls were delivered a part of the animal in the coccyx area so that the girl's hair was long and strong, they were given the neck of the horse, where the mane grew. According to legends, if a girl came to the house and was seated in a place of honor, then happiness and prosperity come with her, but if she was seated at the doorstep, then all her misfortunes will remain in the house. Along with this, the article describes in detail the reasons why centuries-old national traditions are still preserved in rural areas, but are forgotten in cities.

Keywords: Nomad, yurt, girl's parenting, saukele (headdress), ceremonial hospitality, generic relations, daughter's marriage.

Kириспе

Кез келген халықтың өзге халықтан айырмашылығы оның ұлттық тәрбиесі мен дәстүрінде жатыр. Ұлтты ұлт ретінде сақтап қалуда маңызды рөл атқаратын фактордың бірі – қыз бала тәрбиесі. Ұлттың өзіне тән дәстүрін бойына сініріп, оны өз үрпағына үйрету жолында әйел тәрбиесінің орны әрқашанда бірінші орында тұрады. Қазақтар – қыз баланың тәрбиесіне айрықша мән берген халық. Қыз бала дүниеге келгеннен бастап күйеуге ұзатылғанға дейінгі уақытта оның әдепті болып өсуіне тек қана отбасы мүшелері ғана емес, сол ауылдағы барша ағайын-туыс та атсалысқан. Қыз балаға әр жасқа келгенде берілетін тәрбиесіне қатысты мағлұматтар беріліп отырады.

Такырыпты тандауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ халқының әдет-ғұрпы мен ұлттық тәрбиесіне қатысты мағлұмат беру, қазақ қыздарының өзін ұстауы, дүниетанымы мен мәдениеті туралы ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәрбиенің ерекшеліктерін жан-жакты көрсету. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Қыз бала дүниеге келгенде жасалатын ырымдар;
- Көшпелі қазақтардың қыз баланы тәрбиелеуде ауыл-аймақ болып атсалысудағы маңыздылығын ашып көрсету;
- Құда тұсу, қыз айттыру салтының ғасырлар бойы қалыптасқан ережелері мен кейінгі кездегі құда тұсудің айырмашылығы туралы анализдік талдау жасау;
- Қалыңмал төлеу, қыз ұзату жоралғыларына қатысты қалыптасқан ұлттық ерекшеліктерді көрсету негізгі міндеттерге жатады.

Ғылыми -зерттеу әдіснамасы

Зерттеу барысында алға қойылған міндептерді орындау барысында келесі әдістер қолданылды: сипаттау әдісі; типологиялық әдіс, халықтың ғасырлар бойы бойына сіңген қасиетін жан-жақты талдау көрсету үшін тарихи-генетикалық әдістер.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақтар дүниеге перзент алып келгенде қыз балаға қарағанда ұл баланың көп болғандығын жақсы көретіні белгілі. Ұл бала үйдің тірегі әрі әкесінің мұрагері, артында қалған тұяғы деп есептелген, әлі күнге шейін бұл ұғым өзгеріске ұшырай қоймаган. Ұл баланың көп болуы бір жағы сол әүлеттің қорғаны, панасы әрі өсіп-өнген үлкен шаңыраққа айналғандығын көрсеткен. Негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан қазақтар көктемде жайлауға шығып, күзде қыстауға көшіп, мал жұтамайтындау сұзы мол, шөбі шүйгін ыңғайлыш жерді таңдау көшіп-қонып жүретін болған. Негізгі күн көрісі төрт түлік мал болғандықтан ол малды бағу әрі ұры-қарыдан қорғау үшін де әкелері ер балаларды алысқа жібермеген. Ер жетіп үйленген жағдайда оларға арнағы киіз үй тігіп әкесінің үйінен оңаша отауға көшірген. Ұл балалар сол әүлеттің тірегі саналғандықтан барлығы бір жерде тұрған. Әкесінің рұқсатымен өзге жерге қоныстанып, өз алдына бір ауыл болып тұратындары да бар, көбіне үйдің үлкен ұлдарын үйлендірген соң енші беріп бөлек шығарып отырған.

Қазақтар қыз балаға аса бір мейіріммен қараганымен оларды жат жүрттық деп санаған. Қызды ұзатып жібергенге шейін әкесі мен шешесі туған қыздарына «қыз бала өз үйінде қонақ» деп айрықша күтімге алатын болған. Қыз бала дүниеге келген кезде оның кіндігін алып босағаға немесе ошақтың түбіне көмген. Ұл баланың кіндігін алысқа лактырған. Қазақтардың ұғымы бойынша ұл бала табысты сырттан табады, сондықтан сырттан табатын несібесі мол болсын дегенді білдіреді. Қыз баланың кіндігін үйде қалдырудың себебі «қыз бала үйдің күты, барған жерінде бакытты болсын, шаңырағының берекесі болсын» деп ырымдағаннан шыққан дүние. «Ұл баланың кіндігін «үй күшік болмасын» деп алысқа лактырады, ал қыз баланың кіндігін «үйдің күты болсын» деп от басына ошақ түбіне көметін ғұрып бар» [1, 55-б.].

Қазіргі кезде қыз баланың кіндігін шүберекке түйіп, сандықтың түбіне сақтап қояды. Оның мағынасы қыз бала үйге қарасын, қызырымпаз боп кетпесін, үй шаруасына икемді болсын дегенді білдіреді. Баланың кіндігін кесу үшін арнағы адам тағайындалған. Кез келген адамға кіндікті кестірмейтін болған. Кіндігін кескен адам кейін

«кіндік шеше» деп аталады. Баланың кіндігін кім кессе кейін баланың мінез-құлқы соған тартып кетеді деп те айтылады. «У казахского народа есть понятие «кіндік шеше». При рождении ребенка, женщины стоят наготове, чтобы разрезать пуповину появившемуся на свет ребенку. Частично возникают споры по этому поводу среди желающих. «Кіндік кесу» (разрезать пуповину) ребенку достается уважаемой женщине или мудрой бабушке. После чего женщине вручают положенный презент «кіндік кесер». Женщину обрезанную пуповину, называют «кіндік шеше», и она также считается матерью ребенка. Позже «кіндік шеше» может прийти в дом, где растет ребенок и попросить любую вещь, в чем не отказывают» [2, 25-б.].

Емізулі бала шешесінің қойнында жатса, ойын балаларының көпшілігі әжесі мен атасының қасында жатып соның тәрбиесін алып өседі. Оларға ұйықтар алдында ертегі, аңыз айтып беру де көбіне әжелердің міндетіне жатқан. Немерелері жастайынан тәрбиені кемпір мен шалдан алады, бұрындары қазактар алғашқы туған баланы кемпір мен шалдың баласы деп атаған. Жас отбасы балалы болғанда түнғыш бала қазақ сенімі бойынша кемпір мен шалдың тәрбиесінде өсуі керек. Бұл дәстүр қазақтар арасында соңғы кезге шейін қатаң турде сақталды, алайда қазіргі кезде жойылып бара жатыр. Ата тәрбиесінде өскен немерелер көбіне ерке болып өседі. Ата-анаы шалдың қолында өскен балаға көп ұрыса бермейді.

Қыз баланы әкелері көбірек еркелеткенімен оның тәрбиесіне айрықша назар аударып отырған. Қыз бала дүниеге келген кезден бастап оған деген көзқарас пен беретін тәрбие үлға қарағанда қатаңдау болып келеді. «Қызға қырық үйден тыйым» деп егер қыз баланың оғаш, ерсі қылығын көретін болса тек үйдегі әке-шешесі, аға-әпкелері гана емес, сол ауылдың адамдары қызға қажетінше ақылын айтып, оғаш қылықтары болса мұндай қылықты екінші рет қайталауын жиғесіне салып отырған. Бір ауылда негізінен бір рудың адамдары тұрғандықтан барлығы бір-біріне туыс бол келеді. Қазақ жеті атаға дейін бір-бірінен қыз алыспайды. Жеті атаға дейін сол елдің балалары бір-біріне аға-қарындас ретінде қараған. Сондықтан да жеті атаға толмаған адамдар бір-біріне үйлене алмайды. Қазақтар қазіргі күнге шейін бір-бірінен ру сұрасады. Егер бір рудан болып шықса, онда жеті атасын сұрасады. Аралары жеті атаға толмаған болса онда бір-бірін жақын туыс ретінде сыйлайды әрі бұл адамдардың балалары бір-бірімен қыз алыспайды. Бұл дәстүр әлі күнге дейін жақсы сақталған.

Жаңа туылған баланы сырт көзге онша көп көрсете бермеген. Бесікте жатқан балаға ер адамдар әсіресе жасы ұлken адамдар сұқтандып, назар салып көп қарамауға тырысады. Әйел босанған кезде

де, оны бесікке салған кезде де ауылдың қадірлі, көп бала туған әйелдері мен кемпірлері жиналып баланы босандырып, кейін бесікке бөлеуге қатысып отырган. Мұндай істерге ер адамдарды араластырмаған. Оның себебі жасы ұлғайған ер немесе егде әйел адам болсын олардың назары өткір болады, бала оның сұқтанған көзін көтере алмай өліп қалуы мүмкін деп қорықкан. Баланы қөргісі келген адам баланы қолға алған соң «тіл-көзім тасқа» деп айтады да, артынан баланың бетіне түкіреді. Осылай жасағанда балаға көзім тимейді деп сенеді. Егер бұлай жасамаған жағдайда баланың әке-шешесі «балаға түкіріп қойыңыз, тіл-көзден аулақ болсын!» деп ескерtedі. Сондықтан да сырттан келген қонақтарға бесіктегі баланы көрсетпеген, жас нәрестеге тіл-көз тиеді деп оны оңаша ұстаяға тырысады. Алайда, елге қадірлі ақсақал, батыр, би, ақын-жырау немесе дін жолында жүрген молда, қожалар келер болса, бесіктегі баланы көрсетіп әлгі адамдардың батасын алуға тырысқан. Батасын берген атақты кісіні ерекше құрметтеп күткен, кетер кезінде ұстіне шапан жауып, астына ат мінгізетін болған. Жас босанған келіншекті баласымен бірге оңаша отауға кіргізген, оның ұстіне ешкімді кіргізбеген, оның себебі жаңа туылған нәрестеге тіл-көз тигіш бол келеді деп сенеді. Тіл-көз тиіп жастай балалары шетінеп кете беретін отбасылар ырымдан балаларына «Итбай», «Жаманбай» секілді аттарды қоя береді. Ондағы негізгі мақсаты ұл бала тіл-көзден аман болсын дегенді білдіреді.

Қыз балаға керісінше, жаман ат қоюға болмайды. Қыз бала өмірге келгенде оларға жақсы ат қоюға тырысқан. Қыз балаға онша көп тіл тимейді, қыз өмірге икемді бол туады деп есептеген. Ол турасында қазақ отбасы жайында көп зерттеген Х. Арғынбаев былай дейді: «Халық түсінігі бойынша, қыз балаға тіл-көз онша көп тие қоймайтын болған. Сондықтан оларға ең жақсы аттарды таңдайтын. Қыз аттарына аспан әлемінің, сұлу момын андардың, асыл тастар, нәзік және сирек кездесетін өсімдік аттары, т.б. пайдаланылатын болған» [3, 63-б.].

Жаңа туылған баланы бесікке бөлеген кезде егер ер бала болса оның жастығының астына қамшы, пышақ, бәкі қоятын болған, ал қыз бала болса онда айна, тарақ, қайшы салып қоятын болған. Айна мен тарақ қыздың сұлу әрі шашы ұзын бол өсуі үшін, қайшы ісмер де шебер болсын деген мағынадан келіп шыққан деп айттылады. Алайда бұл заттар нәрестеге көз тимеу үшін тұмар ретінде киелі әрі қорғайтын қасиетті нәрсе ретінде да қойылған.


Тілі жаңа шығып келе жатқан балаларға ойын жинақы әрі ұғынықты жеткізу үшін көбіне жұмбак, жаңылтпаш айтқызуды дағдыға айналдырған. Жас баланың жаттау қабілеті жетілсін деп тақпақ, жеңіл өлеңдер жаттатқан... «Өмірге жаңа келген сәби өсіп,

жетіле келе әжесінен өртегі, аңыз, жұмбақ, жаңылтпаштар үйреніп, ойы мен тілін дамытатын болған. Мұны халықтың рухани тәрбие жүйесі дейміз. Өртегі, мақал, жұмбақ, жаңылтпаш білмеген, білгенін айта алмаған баланы «мылқау» деп, жұрт оған құле қараган» [4, 162-б.].

Жаңылтпашпен бірге бұлдіршіндердің саусағын бүгіп санауды, санамақты үйрету арқылы ойша есеп шығару, баланың логикасын дамытуды да басты назарға алып отырған. «Жаңылтпаш, жұмбақ, санамақты айту арқылы бала әрі сан үйренеді, әрі жұмбақтың шешуін тауып, ойын дамытады, тілін шығарады:

Сырық – қырық,
Құрық – қырық.
Қанша болды
Құрық сырый?» [5, 16-б.].

Қыз бала 5–7 жасқа келгенге шейін ер балалармен қатар ойнап жүре береді. Жаз шыға ер балалардың шашын тақырлап алып тастайды да алдыңғы жағына кішкене шаш қалдырады, маңдайына қалдырған бұл шашты «кеқіл» деп атайды. Баланы тіл-көзден сақтап тұрсын деп енді бірінің төбесіне айдар қояды.



1-сурет. Кекіл мен айдар қойған балалар (сурет интернеттен алынды).

Кекілді кез келген балаға қоя береді, ол жас балаға сәндік үшін де қойылған. Кекілді қыз балаларға да қояды. Ал, айдарды кез келген балаға қоймаған, көбіне үл баланы зарығып ұзақ күткен ата-аналар бірнеше қыздан соң туған ұлға немесе перзент көтермей ұзақ күткен әйелдер босанып ұлды болғанда қоятын болған. Жалпы айдар қою –

Орталық Азия елдерінде кең тараған ұғым. Кекілге ұқсас қазақтарда кежім қою (желке шашы) деген де ғұрып болған. Баланың желке тұсына бірден көзге түсетін етіп қойылатын қысқа шашты осылай атайды. Кезінде, кежім шашы – ата-анасынан айырылып, жетім қалған сәбілерге қойылыпты. Балаға «кежім қою» ғұрпы – өзгелер сол баланың жетім екенін бірден анғарып, ерекше қамқорлықпен қарасын, жетімге ешкім тиіспесін деген жақсы ниеттен бастау алады екен. Бұл шашты ер балалар ересек болғанға шейін де қойып жүре беретін болған.



2-сурет. Қыз балаға қойылатын тұлым шаш.

Мал баққан көшпелі халық үшін жылқы малының орны айрықша, сондықтан да ең қызық ойындардың барлығы ат үстінде ойналатын болған. Ер баламен қатар қыз балалар да бес-алты жастан бастап атқа шабуды үйреніп алады. Көктемде жайлauғa көшкен кезде жас балалар өздерінің еншісіне тиген тайларына мініп алып тай жарыс ұйымдастырған. Көшпелі халықтарда қыз балалардың ат үстінде жақсы шабатындығы жайлы сырттан келген саяхатшылардың барлығы да айтқан. Рим папасының тапсырмасымен Үгедей ханның ордасына елшілікке келген Плано Карпини де былай деп суреттейді: «Девушки и женщины ездят верхом и ловко скачут на конях, как мужчины. Мы также видели, как они носили колчаны и луки. И как мужчины, так и женщины могут ездить верхом долго и упорно» [6, 27-б.].

Қыз бала жеті жасқа толғанда оны ойын балаларынан оңашалап, оның қыз екендігін білдіретін бірнеше ырымдарды жасауды қолға ала бастайды. Соның бірі – қыздың құлағын тесу. Жетіге шейін қуыршақ

ойнап жүрген қыз баланың үстіне қыздың әдемі киімдерін кигізіп, құлағын тескен соң оның мінез-құлқы өзгере бастайды. Қыз баланың екі жағына тұлым өріп, құлағын тесіп, тана тағу ырымы – erteden жалғасып келе жатқан салт. Тана тағарда туыс-туған, көрші-қоландарының әйелдерін шақырып шағын тамаша өткізіп береді, мұны қазақта «тана тағар» деп атаған. Тана деп сиырдың екі жасқа толған төлін айтады. Көзі мөлдіреп тұратын тананың көзіне қызыққан қазақтарда «Танакөз» деп аталатын қыз аттары де кездесіп отырады. Жетіге толған қыздардың тұлымын шашымен қоса өріп, қос бұрым етіп өсіре бастаған. «Примерно в этом же возрасте (около 7–8 лет) девочкам переставали брить голову и начинали отращивать волосы, а тулым в плетами в косички. Момент первого заплетания кос девочке имел особое значения. По этому поводу устраивали небольшое угождение, а первый раз заплести волосы и косы просили добрую, многодетную женщину, славившуюся своим мастерством в ведении хозяйства и в домашних ремеслах» [7, 39-б.].

Қыз баланы үй жұмысына икемдеу жеті жастан бастап қолға алына бастаған. Үй жинау, ыдыс-аяқты жуу, шешесіне көмектесуден бөлек өзінен кіші іні-қарындастарына қарау, бесіктे жатқан балаға бесік жырын айту, ертеғі, өлең айтып беру, домбыра тарту секілді өнерге де баули бастайды. Сонымен қатар үйге келген қонаққа қызмет ету, шешесімен бірге дастархан жаю, шай қою секілді жұмыстарды қатар атқарған. «С пяти-шестилетнего возраста мальчиков обучали верховой езде, а девочки учились у своих старших сестер и матерей шитью, вышивке и другим видом домашнего женского ремесла. К 13–15 годам они уже были подготовлены к самостоятельной жизни. Немалую роль в духовном развитии детей играли и гости, которые обычно рассказывали сказки, интересные были, пели и играли на музыкальных инструментах» [8, 291-б.].

Қазақтың киіз үйлері отбасының әлеуметтік жағдайына қарай төрт қанатты, алты-сегіз қанатты болып келеді. Кедейлер төрт қанатты шағын үйлерде тұрса, байлар сегіз, он екі қанатты үйлерде тұрған. Қыз бала есейіп, бойжете бастаған кезде әжесінен белектеніп, үйдің төр жағына жататын болған. Жас келін мен күйеу жігіт сол жақта тұтылған шымылдық ішінде жатады. «Есіктен кірген беттегі он қол жақ, яғни он босаға қартандар мен балалардікі, сол жақ босаға жастардікі саналады. Қазақ ғұрпында келін төрге шықпайды. Қыздың ең бақытты шағы он жақта, яғни әкенің үйінде тұратын кезі» [9, 117-б.].

Бір үйде өскен балиғатқа тола қоймаған қыздар жас кезінде ұлдармен бірдей киініп, барлығы бірге тайға шауып, аулада асық ойынын ойнап, өрістен бөліп алып қалған қозы-лақтарды жас

балалармен бірге ауыл сыртында бағу да олардың мойнына жүктелген. Қысты құндері киізден не балшықтан қуыршақ жасап, оған киім тігіп, қыздар үй ішінде сонымен ойнаған. Қазактар арасында қызға арнап арнайы ойыншақ жасап беретін шеберлер болмаған. Қуыршақты әркім өз қиялышындағыдай етіп өздері қолдан жасаған, немесе үйдегі шешелері мен әпкелері қолдан қуыршақ жасап берген. Үлкендер жағы да бала тәрбиесіне көңіл бөлген кезде көбіне өлең айтқызығанды, домбыра тартқызығанды жақсы көрген. Өлең, жыр айта білетін балалар ел ішіне тез таныла бастайды. Қазақтардың отбасылық тәрбиесі жайлы көп зерттеген К.Матыжанов ол туралы: «Яғни бала құн санап өскен сайын, оған айтылатын жырдың мазмұны да өзгеріп, күрделене түседі. Келекеле, ол өлендерді балалардың өздері де жаттап алыш, айтып жүреді. Ал ересектер құнделікті тұрмыста балаларға өз репертуарындағы күрделі фольклорлық ұлғілерді үйретеді. Сондай-ақ түрлі әдет-ғұрып, жиын-тойларда да балалар жайғана тамашалаушы емес, шамашарқынша белсene араласады. Сондықтан да ересектер фольклорындағы кейбір жырлардың екі ортада қабат өмір сүретініне таң қалуға болмайды» [10, 263-б.], – деп жазады.

Қазақ дәстүрінде қыз баланы босағаға отырғызбаған. Дастанхан жайылып барлығы тамаққа отырған кезде төрде үйдің жасы үлкен адамдары жайғасады, одан кейінрек қыз балалар отырған. Қыз үйдің құты, сол үйдің бағы деп бағаланған. «Уш қызды тәрбиелеп, құтты қонысына қондырған әке жұмаққа барады» деп жұмаққа барудың бір жолы ретінде қызға берген тәрбиені де қосады. Қыз бала өз үйінде төрде отыруы керек. Сонымен бірге басқа бір үйге қыдырып барған жағдайда да тұрмысқа шықпаған қызды үй иесі сыйласп төрге отырғызған. Қонақтарға табақ-табақ ет тартылған кезде қыздарға арнайы сойылған малдың құйымшағын, шашың ұзын бол өссін деп піскен жылқының желкесін жегізетін болған. Қызды төрге отырғызыса сол шаңыраққа құт қонады, егер босағаға отырғызыса қыздың қырысқытығы сол босағадан кетпей қояды деп сенген. Қазақ халқы қай кезде де қыздың көңіліне қаяу түсіруден қорықкан. Мұндай ырым тек қана қазақ халқында емес, сондай-ақ Алтай түркілерінде де ұшырасады. Қазақ арасында көп жүріп, этнографиялық материалдар жинаған ғалым Ә.Диваев та бұл ырымды былайша түсіндіреді: «Қыз баланы төрге отырғызыады. Неге десеніз, қыз бала қарияның айтқанын қылып тұрады. Қыз бала есікке отырса, хауаламайды, үй иесіне зарық болады, әлгі қызды есікке отырғызған да қорлаған болады деп ойлады. Қыз бала хафа болса, біздер һем хафалансақ керек, – деп» [11, 162-б.].

Қыз баланы тебуге, шашынан сүйреп ұруга болмайды. Ер адамның қыз баланы боктауы, арына тиетін жаман сөз айтуы әдепсіздікке жатқан. Қазақ қыздары өз ауылында еркін өскендіктен орынсыз қылжақтаған ер адамдарды орайы келгенде уытты тілімен шағып, орынды жауабымен талайды сөзден женгендігі жайлы аңыздар көп кездеседі. Қыз бойжеткен кезде ақындық өнері барлар ер балалармен қатар тойларға, жиындарға барып той үстінде ұйымдастырылған ақындар айтысына қатыса береді. Ауыл арасында жиі болатын бала туылған кезде өтетін «шілдехана», «бесік той» секілді жиындарда жиылған жастар кезек-кезегімен өлең айтып өз өнерлерін ортага салатын болған. Қыз балалар да сондай ортада өз өнерлерін көрсетіп елге таныла бастауына жол ашылады. Жаз жайлауда қазақ ауылдарында той-томалақ көп болғаны сондай, қыз-келіншектердің қатысуының бірде-бір жиын өтпеген. Әнші, ақын қыздар осындай жиын-тойлардың гүліне айналған.

Дегенмен, қазақ халқы ислам дінін ұстанатындықтан шарифат заңына сәйкес қыз баласы 9–10 жасынан бастап бастанына қызыл орамал тартқан. Кейде сәндік үшін орамалдың орнына әсем такия, бәрік киіп жүрген. Қыз баланың жалаңбас жүруі қазақ ортасында ерсі қылық болып саналады. Қызыл түс жастықтың, албырттықтың мағынасын берген. Қазақта «Қыздың көзі қызылда» деген қанатты сөз кездеседі, оның мағынасы жас адам қызылды-жасылды дүниеге әуес, әрнәрсеге құмартқыш келеді дегенді білдіреді. Оның үстіне қызыл, жасыл түстер сырт көздің назарын өзіне бірден аударатын болғандықтан қыздардың сыртқы киімдерінің де көбі осындай материалдардан тігілетін болған. Қызыл орамал жас қыздардың сәндік үшін тартатын жаулығы болғандығы турасында мысалдар көп. Соның бірі мынадай: «Изменение статуса невесты фиксируется во внешнем облике: в одежде, в прическе и т.п. Так, красный платок девушки сменяется на белый платок женщины, называемый «жаулық». Здесь присутствует цветовая символика: красный цвет символизирует молодость в противоположность белому, обозначавшему зрелость» [12, 50-б.].

Жеті не тоғыз жастан бастан қыз балалар да ер балалармен бірге молдадан тәлім алған. Мектепте көбіне жағдайы бар байлар мен орта шаруа адамдардың балалары, шамасы келгендер қыздарын да оқытуға талпынған. Кедей отбасылардың балалары молдага ақы беріп оқи алмайтындықтан олардың қыздары намаз окуды, құран сүрелерін әжелері мен шешелерінен жаттап алу арқылы үйренген.

Бұрын қазактар қыз бала дүниеге келген соң өзіне лайықты, деңгейлес адамдармен құда болуды көздеген. Қыз бала әдепті, сыпайы

болып өсу үшін жас кезінен бастап келген қонақтарды күту, қолына су құю, шай беру, тамақтан соң үйдегі қонақтың айтқан әңгімесін тыңдау жағына көбірек мән берген. Ел аралап жүретін қонақтардың көпшілігі сөзге шешен, әңгімені қыыстырып айта алатын жүртқа тартымды адамдар болып келеді. Қонақ боп келген адамдардан «қонақкәде» сұрайтын әдет бар, сол бойынша тамақ жеп көнілі жайлланған қонақтар үйге жиылған ауыл адамдарының алдында қолына домбыра алып ән салуға, ән айта алмайтындар өткен ата-бабалардың істеген өнегелі істері жайлыш келелі бір әңгіме айту арқылы өздерінің қадірін асыратын болған. Ел тараған соң қонақтардың төсегін салу, түзге шығатын адамдардың құманына жылы су құйып дайындал қоюды да жас балалармен бірге қыздар да қоса атқара берген. Қонаққа қызмет ету арқылы сол үйдің қызына деген қызығушылық туады. Қыздың ибалы әрі қылышты екеніне көздері жеткен қонақтар ертесіне үй иесімен оңаша отырып сөйлескенде өз ауылының бір жігітіне атастыру жағын да сөйлесіп кететін жәйттер жиі болып тұрған.

Қазақтарда ертеректе жаугершілік заманда екі батыр бір-бірімен ақыреттік дос болуға анттасып білектерін қанатып «андада» болдық деп серттескен соң, егер бірінің әйелі қыз екіншісінің әйелі ұл туған жағдайда құда болуға сөз байласқан. Мұндай сертті «белқұда» деп атаған. Оның негізгі белгісі соғыс кезінде бір батыр қаза тапқан жағдайда анттасқан досы сол қайтыс болған батырдың семьясын қамқорлығына алады әрі туылған балалары өскен соң екеуін үйлендіріп отырған. Тарихи деректерге қарағанда «белқұда» дәстүрі қазақтарда XVII–XVIII ғасырларда көп кездеседі. Ол кезде соғыс көп болған, ел ішінен шыққан батырлардың, билердің беделі жоғары болғандыктан, сол атақты адамдармен құда болу арқылы өз елінің тыныштығын қамтамасыз етуге ұмтылған ру басшылары мен батырлар бір-бірін іздел барып бесіктегі балаларына құда түсіп отырған. Қазақтың батырлық жырларында бұл жиі ұшырасады. Айы-күні жақында, туатын кезі жақын болған кезде көнілі жарасқан адамдардың бір-бірін іздел барып іштегі балаға құда түсу дәстүрі қазақпен көршілес отырған қырғыз халқында да болған. «Бұл дәстүр ілгері жаугершілік заманнан бері Октябрь революциясына дейін қырғыз елінің тұрмыс-тіршілігінде кеңінен кездесіп отырған. Ру мен ру, ел мен ел қастасып, шабысып тұрған дәуірлерде ата-енелері алдағы жақсылықтан қиялмен үміттеніп нәрестелер дүниеге келер сәтте өзара сүйек жаңғыртып, жақын болуды қалаған. Адамдар «бел құда» болу арқылы орталарында жылы мәміле орнап, алыс-беріс арта бастаған. Тұрмыстың қыын кезінде жәрдемге келіп, жанашыр жақыны катарында

қызмет еткен. Егер үй иелерінің бірі жарық дүниеден қайтқан жағдайда да ант, серт бұзылмай қала берген» [13, 110-б.].

Бесікте жатқан баланы атастыру салты Түркіменстан мен Қарақалпақстан аймағында тұратын қазақтар арасында кейінгі кездерге шейін сақталған. «Ал, Өзбекстандағы қазақтар бел құданы кейде «қарын құда» не «құрсақ құда» десе, Түркіменстандағы қазақтар «ақтай құда» яғни екі достың балалары туылмастан жасалған сөз байлауын айтады, осы атаумен қарақалпақтар да атайдынығын К.Төлеубаева да көрсетеді. Бірақ қазіргі кезенде қазақ арасында құдалықтың бұл түрі көп кездеспейді. Кейбір информаторлардың мәліметіне қарағанда ертеректе Қарақалпақстандағы қазақтар бесік құда болғандығын бекіту үшін бесіктегі екі баланы алып, бір-бірінің құлағын тістетеді еken. Ол болашақта екі баланың өмірін байланыстыру мақсатында жасалынатын ырым деп көрсетеді. Жаушылыққа әдетте көбіне екі үш адам барса, Қарақалпақстанда екі әйел, үш ер адам жіберіледі, Тахтакөпір ауданында жігіттің ата-анасы, Қоңырат ауданында Өзбекстандағы қазақтар сияқты нағашы жағынан міндепті түрде бір адам ертеді. Бұғінде «жаушы» деген ұғым көп жерде айтыла бермейді» [14, 16-б.].

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қазақтар арасында «белқұда» дәстүрі сиреп, оның орнына он екі-он үш жастағы қыздарға құда тұсу, жас кезінен айттырып қою дәстүрге ене бастаған. Бейбіт заман орнаган тұста қыз көру, ұнатқан қызына құда тұсу, жас жігіттердің өздері ел аралап қыз көру салты белен ала бастайды. Жас балаларды бір-біріне атастырған соң қыз баланы үй құтімі мен отбасы тәрбиесін қалай ұстану қажеттігін айттып, болашақта баратын қайын жүртynna тез сіңү үшін кір жуу, киім тігу, тамақ пісіру, шай құю секілді үлкендердің көңілінен шығатын жұмыстарға қарай икемдей бастайды. Бұл дәстүрдің бір артықшылығы болашақ ана келін бол босаға аттаған соң өзге ортаға үйрене алмай, психологиялық дағдарысқа тұсу қаупінің алдын алады. Қыз бала балиғат жасқа толған кезден бастап өз отауына қажетті дүниелерді жинауға кіріседі. Кестелі орамал, шұлық секілді ұсақ заттарды тіге бастайды да, кейінрек өзіне қажетті киімін тігу, көрпе-жастық құрау, киіз басу, кілем тоқу секілді існерлік өнерді менгеруге міндепті болған. Киіз басуға жас қыздар да қатысқанымен көбіне егде әйелдер мен кемпірлер атқарған. Кілем тоқу жас қыздардың міндептіне жатады. Кілем тоқу қол күшін қажет ететін болғандықтан ұзатылатын қыздар өзінің жақын құрбы-құрдастарын үйіне шақырып, бойдақ қыздар біргелікте отырып тоқыған. Ол кілемдердің көбі кезінде қыздың жасауына кеткен. Бірнеше қыз катар отырып бір кілемді бір аптадан бір ай уақыт мерзімінде шығарады.

Қыздың қолынан шыққан бұл бүйімдарды «қыздың жиған жүгіндей» деп оңаша отауға сәндең жинап қойған. Қыз көргө уақытта қонақтар сол жиылған жүккө қарап қыздың іскерлігі мен ісмерлігін таниды әрі соған қарап қыздың да бағасы өсіп отырған.

Шығыстық құнтізбе бойынша он үш жас бір мүшел болып саналады. Мүшелді толдырған соң балалықпен қоштасып, есею шағына қарай бет бүрады. «Он үш жас отау басы» деп он үш жасқа толған қыздардың жасауын жасауға кіріседі. Шашын екі жаққа қарай өріп, шашына шолпы тағады. Кей жерлерде қыздың денесі сымбатты болып өссін деп төсегіне арқан салып қоятын да кездер болған: «Соның бірі қазактар қыз баласының түзу мүсінді болып өсуі үшін қыз бала он екі жасқа келген кезде, төсегіне жауырынының дәл астына келетіндей етіп қос арқан керіп, соған қызды жатқызып үйіктататын ғұрып бар. Бұл қыз баланың сымбатты, түзу, сұнғақ болып өсуіне әсерлі деп көрінген» [1, 68-б.].

Қай кезде болмасын қыздың қалыңмалын төлеп, ұзатып алу оңай болмаған. Әр кезде бай мен кедейдің жағдайына қарай қалыңмал алу ақшасы да өзгеріп тұрған. XIX ғасырдың өзінде мұндай өзгеріс болғандығын сол кездегі жазбалардан көргө болады: «Из высказанного можно вывести следующий общий итог калыма: от 100 до 150 крупной скотины для первого или самого высшего класса; от 75 до 100 для среднего класса; для третьего за тем класса, у которого бала-малы-кальм, от 20 до 40 и дунгелек-кальм, в 10 голов скота, для самого бедного класса.

Что же касается до первоначального вида калыма в самую старину, то в этом виде он не сохранился, подвергаясь различным изменениям почти с каждым поколением. Изменений этих, надоположать, было так много, что едва-ли кто из современных киргизов помнит или знает первоначальную величину калыма, не перестающую и до ныне подвергающуюся изменениям» [15, 177-б.].

Құдаласқан соң қыз жағы да қыздың жасауын беру жұмысына өзінің шамасына қарай кіріседі. Қыз балаларды ұзату үшін оның жасауын алты-жеті жастан бастап жинай бастайды. «Жасауды жеті жастан жинасаң жетеді, алты жастан жинасаң асады» деп, бұл іске ерте кезден қамдана бастаған. Ұлдың әкесі де баласын 18–19 жаста үйлендіру үшін құдалық жолын сейлескен соң қыздың қалың малын толық өтегенге шейін бар тапқан ақшасын бөліп-бөліп беріп отырған. Құдалықтың мұндай түрі ғұрын көптеген халықтарда болған. «Мұндай қалың мал алып, құда тұсу ғұрпы рулық-патриархалдық заң жосынын бастарынан кешірген дүние жүзінің көп елдерінде бар. Соның ішінде Конго, Чад, Судан, Нигерия, Убанга секілді африкалық елдерде де қыз

баланы екі-үш жасынан айттырып қойып, жыл сайын қалың малын өтеп тұру әдеті әлі күнге дейін сақталғандығы» [16, 61-б.] айтылады.

Қалыңмалы толық төленген соң күйеу жігіт болашақ қалыңдығын келіп көруге болады. Оған ешкім қарсы болмаған, күйеудің бұл келуін «ұрын келу» деп атайды. Жігіт ұрын келген кезде женгелері бөлек бір үйді босатып күйеу баланы сол үйге қондырады. Қалыңдығын қасына жатқызады, қызы ешкіммен қосылмаған пәк болса таңтерең тұрган соң қыздың ағасы қарындасының құрметіне кішігірім той жиынын өткізген, бұл жиынды «қынаменде» дейді. Қыздың ұзатылар алдында жасалатын бұл шағын тойдың шығуы «қына» ырымынан келіп шыққан. Қына жағу қазақтарда кездеспейді, алайда бұл әзербайжан, түрік халықтарында әлі күнге дейін бар. Ол жайлы С. Йылмаз: «Жас қыздың бойдақтығы аяқталған күні қалыңдықтың үйінде қына кеші ұйымдастырылады. Ұзатылатын қыздың үйіне қыздың құрбы-құрдастары, жақын туыстары мен жанашыр адамдары жиналады. Күйеу жігіттің үйі қалыңдықтың үйіне сыйлыққа қына жібереді» [17, 168-б.]. Қына жағу арқылы қыздың балалық шағымен қоштасқанын, жаңа өмірге қадам басқандығын білдіреді.

Қазіргі кезде қалыңмалды малмен төлеу салты жойылып барады, құдаласу кезінде екі жақ бір мәмілеге тоқтайды да қыздың телеуі ретінде көбіне ақшамен есептеседі. Бұрынғы салттың көрінісінен тек «өлі-тірі» деп сол әuletтің ата-баба рухына союга деп бір қой алып келеді. «Өлі-тірі» түсінігі қазақтарда ерте дәуірлерден қалыптасып қалған ұғымға жатады. Ертеде бір тайпа екінші бір тайпадан қыз алатын болса күйеу жігіт құданың үйіне келгенде сол тайпаның сыйынатын құдайлары мен әруақтарына арнап құрбандық шалған. Солай етken жағдайда ғана бұл біздің әuletке сінді, біздің руды сақтап тұратын киelerімізді мойыннады, енді бұған қызымызды беруге болады деп күйеудің алдына төс қоятын болған. Әлі күнге шейін күйеу баланы құрметтеп оған құдалар жағы малдың төсін қояды. Шамандық наным кейінгі кезге дейін жақсы сақталған Алтай түріктерінде әлі күнге шейін тұрлі төстердің атқаратын функциялары жайлы этнограф ғалым В.Я. Бутанаев былай дейді: «Фамильные и родовые тёси находились в каждой юрте, где устанавливались на определенном месте, являлись предметом поклонения простых скотоводов и считались оберегами хозяев. Одни из них имели антропоморфные, другие – зооморфные изображения и различались по принадлежности к мужскому и женскому началу. Каждый фетиш «требовал» индивидуального подхода и особой пищи. По подсчетам исследователей XIX-начала XX вв. У хакасов и тувинцев насчитывалось от 20 до 30 различных видов фетишей – тесей или

ээрненей. На самом деле их было меньше, ибо некоторые фетиши имели по несколько названий (исходя из функциональных особенностей и внешнего вида). В каждой семье в среднем держали от трех до девяти тесей. Согласно традиции, больше указанного числа их иметь не рекомендовалось. Фетиши доставались по наследству младшему сыну вместе с усадьбой. В остальных случаях их ставили для молодых супругов в качестве оберегов юрты и при заболеваниях» [18, 60-б.].

Қазақ арасында қыз көру дәстүрі әлі күнге шейін бар. Қазіргі кездегі қыз көру мен бұрынғының арасында айтарлықтай өзгерістер көп. Бұрынғы кезде үйленетін жігітті әдемі киіндіріп, қасына өнерлі әнші, палуан, сөзге шешен жігіттерді қосып көрші ауылдарға қыз көруге жіберетін болған. Қыз көретін жігіттер көбіне сол ауылда өтетін той, шілдехана секілді көңілді отырыстар кезінде келіп өз өнерін көрсеткен. Ән салған, қыздармен айтысқа түскен, тойдан соң жастардың түнде ойнайтын «ақсүйек» ойынына қатысып, сол арада өзі ұнатқан қыздармен сөйлесіп үлгерген. Енді бірде ел қызырып шыққан болып жігіттер әдейі басы бос, әлі ешкім құда түспеген қыздардың үйіне қонаққа түседі. Келген қонақтарға қызметті әдетте бойдақ қыздың өзі жасайды. Қонақтар шай құйып отырған қыздың жүрістүрісінше, сөйлеген сезіне, ақылы мен көркіне қарап баға береді. Қыз көруге келген жігіт жағы да өздерінің өнерлі екендігін көрсетіп «қонақкәде» сұраған қызға арнап өлең айтып береді. Түрлі қалжындар айтып қыздың көңілінен шығуға тырысады. Егер ұнатқан жағдайда сол қыздың женгесі арқылы қызға сөз салады. Қыз карсы болмаса жігіттер аттанып кеткен соң көп ұзамай құда тұсу үшін жігіттің әкесі бастаған құдалар тобы қыздың үйіне кеп түседі. Құдалыққа келгенін жігіт жағы бірден айтпайды, «сізде аққу бар, бізде лашын бар» деген секілді жұмбақ сөз айтысудан бастаған қонақтар өздерінің келген жұмысын емеуінмен білдіреді. Үйден шығып бара жатқанда қолындағы қамшысын үйдің төріне іліп кетеді, сыртқа шыққанда қыз әкесіне мінгізгенім болсын деп бір жүйрік атты босағаға байлайды. «Құдалықтың басы осы болсын» деп, бір жорғаны құдасының босағасына байлайды еken. «Ұнатқан қызыңа сыйла» деп шешесі аманат қылған үкілі тация, сырға, сақиналарын жігіт бойжеткенге ұсынады. Осында жоралғылардан кейін ол үйдің қызы «үкілі қыз», «сақиналыш қыз» атанады да, «қыздың басы бос емес, біреудің қалындығы» деп танылады. Төрдегі қамшы құда тұсу тойы болғанша ілулі тұрады. Қыз әкесі бір-бір жарым жыл жігіт үйінен жаушы күтеді. Осы шамада жігіт жағынан еш хабар болмаса, қыз үйі жігіт әкесінің қамшысын кері қайтарады. Бұл салт «қамшы қайтару» деп аталады да, «қызымның басын босаттым» деген ишараны білдіреді» [19, 7-б.].

Қазақпен көрші отырган қыргыз халқының салты да қазақтардікімен бірдей. Қырғыздарда да қызға құда түсіп, құлағына сырға салған соң қыз қүйеуін күтумен болады. Басқа жігіттер оған тиіспіл қоймасын деп қызды ұзатқанға шейін оның артынан құзетке адам қояды. «Просватанную девушку называли «кайындуу кыз». В знак этого родители жениха на ее уши надевали серьги из серебра – сөйкө салуу. Согласно обычаю кыргызов, девушку никто не имел права заново просватать. В случае отказа ее родителей выдать замуж за просватанного жениха или умыкания другим человеком, отец девушки должен был вернуть калым в полном объеме. Обычно после заключения договоренности о женитьбе, родители и родственники невесты охраняли ее денно и нощно, куда бы она ни ходила, где бы она ни была, рядом с ней все время находилась одна из ее младших жене, которая несла полную ответственность за ее поведение и сохранение ею целомудрия» [20, 100-б.].

Қазіргі кезде тұрмысқа шықпай отырып қалған қыздарды жігіттермен таныстыру үшін қыздың шешесі жасы кіші қайнылары мен келіндеріне өтініш жасайды. Келіншек өздерінің таныстары мен достары арасында үйленбей жүрген жігіттер болса соларды қызбен таныстыруға шақырады. Бұрындары үйде ер адамдар жоқ кезде өздері оңаша сөйлессін деп женгелері үйде дастархан жаятын болса, соңғы кездерде екі жасты кафеге шақыру белең алған.

Мұсылман елдері сияқты қазақтар да қыз баланы үйде көп ұстамауға тырысады. Бұрындары қыз бала 15–16 жасқа келген соң-ақ қүйеуге беруге асыққан. «Қыз баққаннан қысырақ баққан артық» деп қыз баланың тұрмысқа шықпай отырып қалуынан, немесе оң босағада отырып өзге жігіттермен ойнас болып қоюынан қатты қорыққан. «Қыз мұраты кету» деп қыз он беске толған кезден бастап оның тезірек тұрмысқа шығару жолында қыздың жасауын жинай бастайды. Қазақ халқының ежелден бері жақсы сақталған көне дәстүріне қыздың жасауы кіреді. Қазіргі кезде де қалыңдық үшін беретін қалыңмалға қарағанда, ұзататын қыздың жасауын жасау әлдекайда көп шығынды қажет етеді. Бұрынғы кезде құданың берген қалың малының бір бөлігін ұзатылатын қыздың киетін бас киімін тіктіруге жіберетін болған. Арнайы тапсырыспен тіккен бұл киімді – сәукеле деп атаған. Тігінші алдымен сәукелені әсемдеп тігеді де кейін зергер оны түрлі әшекей тастармен безендіретін болған. Сәукеленің сәнді көрінуі қыздың отбасы мен туыстарының бакуаттылығын көрсетеді. Осылайша қазақтарда бұрынғы кезде сәукеле жасауға үлкен мән берілген. Сәукеле тіктіруге шамалары келмегендер ұзатылған женгелерінің сәукелесін киіп шығатын кездері де болған. Сәукеле ұзатылған қыздың

өз жұртынан кетіп, күйеу жұртқа жеткенге шейінгі киіп баратын сәнді бас киіміне жатады. Сәукеле дайын болған кезеңде қыздың женгелері күйеу жігіттен арнайы сүйінші сұрататып, одан байғазысын алған. Ұзатылған қыз сәукелені бір жылға шейін киіп жүрген. Балалы болған соң сәукелені шешіп оның орнына кимешек киген.



3-сурет. Сәукеле киген қазақ қызы.

Кеңес үкіметі орнықанға шейінгі қазақ халқының қыз бала тәрбиесі осылай өрбіген. Он бес-он алты жасқа келген қыздар атастырылған жеріне ұзатылып отырған. Қазақ арасында жиырмаға толған қыз тұрмыс құрмаса кәрі қыз атанатын болған. Қызды кәрі атандырмас үшін шамасы келген адамдарға екінші не үшінші әйелдікке де бере берген. Көп әйел алу коммунистік режим кезінде тоқталғанымен қазіргі кезде қайта жандана бастады. Ел ішінде көп

болмаса да ислам шаригатына сәйкес екі-үш әйел алу дәстүрі жанданып келеді.

Қорытынды

Бұрынғы дәстүр мен қазіргі тәрбиеде көптеген алшақтықтар бар. Қазіргі кезде қыз балаға құда тұсу салты тек формалді түрде ғана сақталған. Дос-жаранды адамдар бір-біріне құда болайық деп ауызша айта береді. Алайда, қыз ұнатпайынша әке-шешесінің атастырған жеріне зорлықпен бармайды. Қазіргі қазақтар қыз баланы оқытуға, оның жұмысқа тұруына аса мән бере қарайды. Статистикаға сүйенсек, қазіргі қазақстандық қыздардың тұрмыс құру деңгейі 24–25 жас болып белгіленген. Қазіргі кезде қыздар мектеп бітірген соң студент кезінде не университетті бітірген соң тұрмыс құрағанды қалайды. Ауылды жерлерде оқуға бармаған қыздар мектеп бітірген соң тұрмыс құрғанды жақсы көреді. Қалалы жерде өскен қыздардың деңгейі мен тұсінігі басқаша. Олардың көпшілігі оқуын бітірген соң ғана тұрмыс шығудың жолдарын өздері іздейді. Қыз тұрмысқа шықпай жүріп алған жағдайда қыздың шешесі мен туыстары, женгелері арқылы бойдақ жігіттермен таныстыру, сол арқылы үйлендіріп жіберуге тырысады. Қазіргі кезде оқу оқып, жұмыс істеп жүріп тұрмыс құрмай жүріп алғатын қыздар көбейіп барады. Қазақстанның солтүстік аймағында тұратын қазақтардың көпшілігі орыс тілінде сөйлеп, орыс мәдениетін қабылдағандықтан олар қазақы дәстүрге көп мән бере бермейді. Алайда дінге бет бұра бастаған жастар арасында шаригат үкіміне бағыну, бастарына хиджап киіп жүретін қыздар өздері араласатын жамағат арасындағы жігіттердің сез салуы арқылы бір-біріне үйлену үрдіске ене бастады. Бұл үрдіс әсіресе қалалы жерлерде көбірек белен алған. Діни ағымда жүрген жастардың ішінде салафиттік ағымын ұстанатындары қазақы салт-дәстүрді мойындармайды. Қалалы жерлерде бұрынғы қазақы дәстүр өз күшінен айырылып қалғанын көреміз, олар көбіне дамыған елдердің мәдениетіне қарай тартылғанды қалап тұрады. Сондықтан да қазақы салт-дәстүр әлі күнге шейін тек ауылды жерлерде сақталып отыр деп айтуда болады.

Әдебиеттер

1. Кемәлашұлы Б. Қазақ халқының туыс-тұғандық жүйесі, ұрпақ өсіру, тәрбиелеу дәстүрі, үйлену ғұрыптары. –Алматы, Өнер. 2005. –120 б.
2. Кенжеханулы С. Казахские народные традиции и обряды (Перевод с казахского З.С.Кенжехановой). – Алматы: ТОО Изд-во «Ана тілі». –2001. –96 с.
3. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. –Алматы: «Қайнар» баспасы, 2005. –216 б.

4. Коңыратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.1. Фольклортану мәселелері. –Алматы: «МерСал» Баспа үйі,– 2004. –554 б.
5. Табылдиев Ә. Халық тағылымы (қазақтың халық педагогикасы және тәрбие). – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. –200 б.
6. Плано Карпини и Гильом де Рубрук. Путешествие в Евразийские степи. – Алматы: ИД «Кочевники», 2003. –С.240.
7. Стасевич И.В. Социальный статус женщины у казахов: традиции и современность. –СПб.: Наука, 2011. –202 с.; ил.
8. Казахи. Историко-этнографическое исследование. –Алматы: Казахстан, 1995. – 352 с.
9. Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу. –Алматы: Жазушы, 2003. –304 б.
10. Қазақ фольклорының тарихилығы. –Алматы: Ғылым, 1993. – 328 б.
11. Диваев Ә. Тарту (Құрастырган, алғы сөзін және түсіндірмелерін жазған Ф.Оразаева). –Алматы: Ана тілі, 1992, –256 б.
12. Ерназаров Ж.Т. Семейная обрядность казахов: символ и ритуал. –Алматы, ТОО Курсив, 2003. –200 с.
13. Кыргыз адабиятының тарихы: фольклористика. 1 том / А.Акматалиевдин жалпы ред. астында. 2-бас. –Б.: «Шам», 2004. –684 б.
14. Қалшабаева Б.К. Орта Азия қазактары (тарихи-этнографиялық зерттеу). 07.00.07 – Этнография, этнология және антропология. Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Археология және этнология кафедрасында орындалған. –Алматы, 2010.
15. Материалы по казахскому обычному праву. Сборник 1. –Алматы, Издательство АН КазССР, 1948. –351 с.
16. Қазақ фольклорының типологиясы. –Түркістан: "Тұран" баспасы, 2009. –376 б.
17. Yılmaz Ş. Kina Gecesi Ritüelinde Anlamsal İşleyiş: Çağrışimlar, Düşünyapılar, Dönüşümler / Milli folklor, 2020, Yıl 32, Cill 16, Sayı 125.
18. Бутанаев В.Я. Бурханизм тюрков Саяно-Алтая. –Абакан: Изд-во Хакасского гос.унив-та им. Н.Ф.Катанова, 2003. –260 с.
19. Қыйеу келтір, қызы ұзат, тойынды қыл. Этнографиялық таным (Құрастырган Б.Әлімбаев, Е.Әбдірахманов). –Алматы, «Санат», 1994. –240 б.
20. Кочкунов А. Этнические традиции кыргызского народа (социокультурные аспекты и некоторые вопросы генезиса). –Б., Кыргыз Жер. 2013. –320 с.

References

1. Kämälašuly B. Qazaq halqynyң tuys-tuğandyq jüiesi, ūrpaq ösiru, tärbieleu dästüri, üilenu güryptyary. –Almaty, Öner. 2005. –120 b.
2. Kenjehanuly S. Kazahskie narodnye tradisii i obriady (Perevod s kazahskogo Z.S.Kenjehanovoi). – Almaty: TOO Izd-vo «Ana tili». –2001. –96 s.
3. Arǵynbaev H. Qazaqtıň otbasylyq dästürleri. –Almaty: «Qainar» baspasy, 2005. –216 b.
4. Qoñyratbaev Ä. Köp tomdyq şygarmalar jinaǵy. T.1. Folklortanu mäseleleri. – Almaty: «MerSal» Baspa üii,– 2004. –554 b.
5. Tabyldiev Ä. Halyq taǵylymy (qazaqtıň halyq pedagogikasy jäne tärbie). – Almaty: «Qazaq universiteti», 1992. –200 b.
6. Plano Karpini i Gilom de Rubruk. Puteşestvie v Evraziiskie stepi. – Almaty: İD «Kochevniki», 2003. –S.240.

7. Stasevich İ.V. Sosialnyi status jeniny u kazahov: tradisii i sovremennost. –SPb.: Nauka, 2011. –202 s.; il.
8. Kazahi. İstoriko-etnograficheskoe issledovanie. –Almaty: Kazahstan, 1995. – 352 s.
9. Müqanov S. Halyq mürasy: Tarihyq-ethnografiyalıq şolu. –Almaty: Jazuşy, 2003. –304 b.
10. Qazaq folklorynyj tarihilygy. –Almaty: Ğylym, 1993. – 328 b.
11. Divaev Ä. Tartu (Qūrastyrgan, alǵy sözin jene tüsindirmelerin jazǵan F.Orazaeva). – Almaty: Ana tili, 1992, –256 b.
12. Ernazarov J.T. Semeinaya obradnost kazahov: simvol i ritual. –Almaty, 2003. –200 s.
13. Kyrgyz adabiatynyn tarihy: folkloristika. 1 tom / A.Akmatalievdin jalpy red. astynda. 2-bas. –B.: «Şam», 2004. –684 b.
14. Qalšabaeva B.K. Orta Azia qazaqtary (tarihi-etnografiyalıq zertteu). 07.00.07 – Etnografia, etnologia jene antropologiya. Tarih ġylymdarynyj doktry ġlyymi därejesin alu üçin daiyndalǵan dissertasianyj avtoreferaty. Jūmys äl-Farabi atyndaǵy Qazaq ülttyq universitetiniň Arheologia jene ethnologia kafedrasynda oryndalǵan. – Almaty, 2010.
15. Materialy po kazahskomu obychnomu pravu. Sbornik 1. –Almaty, Izdatelstvo AN KazSSR, 1948. – 351 s.
16. Qazaq folklorynyj tipologiyasy. –Türkistan: "Tūran" baspasy, 2009. –376 b.
17. Yılmaz Ş. Kına Gecesi Ritüelinde Anlamsal İşleyiş: Çağrışımalar, Düşünyapılar, Dönüşümler / Milli folklor, 2020, Yıl 32, Cilt 16, Sayı 125.
18. Butanaev V.Ya. Burhanizm trkov Saýno-Altaia. –Abakan: İzd-vo Hakasskogo gos.univ-ta im. N.F.Katanova, 2003. –260 s.
19. Küieu keltir, qyz üzat, toiyndy qyl. Etnografiyalıq tanym (Qūrastyrgan B.Älimbaev, E.Äbdirahmanov). –Almaty, «Sanat», 1994. –240 b.
20. Kochkunov A. Etnicheskie tradisii kyrgyzskogo naroda (sociokulturnye aspekty i nekotorye voprosy genezisa). –B., Kyrgyz Jer, 2013. –320 s.

Özet

Makalede Kazak halkın geleneğlerine göre kız çocukların aile içinde yetiştirilmesi ile ilgili yüzyıllar içinde meydana getirilmiş kavramlar ele alınmaktadır. Bir kızın dünyaya geldiği andan itibaren ona verilen terbiye, çeşitli batıl inançların ortaya çıkışının nedenleri, kızın kendi evinde misafir olarak görülmESİ, baba evinden ayrılanan kadar evde ve akrabalar arasında verilen millî terbiyenin önemi, kızın davranışları, evlendiğinde kızın nelere dikkat etmesi gereği, kayın tarafında nasıl yürüyüp kalkması gereki̇gi gibi konular hakkında bilgiler verilmiştir. Başka bir eve gittiğinde ev sahibi tarafından evlenmemiş kızı baş köşeye oturtmaktadır. Misafire yemek dağıtıldığında kızlar için özel olarak kesilmiş hayvanın kuyruk eti ve saçları uzun olsun diye atın boyun eti verilmektedir. Bir kız evin en saygın köşesine oturtulursa o evin kutlu olacağına, eğer kapı eşigine oturtulursa kızın talihsizliğinin ortadan kalkmayacağına inanılmaktadır. Kazak halkı her zaman kızların kaygılı olmasından korkmuştur. Böyle inanışlar sadece Kazak halkı arasında değil, Altay Türkleri arasında da bulunur. Makale ayrıca, yüzyıllar içinde şekillenen geleneğlerin kırsal alanlarda hâlâ korunduguunu ve kentsel alanlarda unutulmasının ise nedenlerini ayrıntılılarıyla göstermektedir.

Anahtar Kelimeler: Göçeve, keçe çadır, kız yetiştirmeye, saukele (gelinlik), misafir, boy ilişkisi, nedime.

(B. Abjet, Kazak Halkının Kız Eğitme Geleneğiyle İlgili Temel İlkeler)

Резюме

В статье анализируется представление казахского народа о воспитании девочек, а также об их воспитании в семье. В данном исследовании рассматриваются причины появления различных суеверий и верований, связанных с рождением девочки, а также говорится об отношении к девочке как к гостю в семье, важности воспитания, полученного в доме от семьи и родственников до замужества, поведении девушки, и о вещах, которые должна знать и помнить девушка при выходе замуж и после прибытия в дом мужа. Девочкам не разрешалось сидеть на пороге. Кроме того, если молодая, незамужняя девушка приходила к кому-либо в гости, то хозяева дома, радушно ее встретив, усаживали на почетное место. Раздавая гостям мясо в подносах, девушкам приносили часть животного в районе копчика, а чтобы волосы девушки были длинными и сильными, им давали шейную часть лошади, там где росла грива. Согласно поверьям, если в дом пришла девушка и ее усадили на почетное место, то вместе с ней приходит счастье и благополучие, но если ее усадили у порога, то все ее несчастья останутся в этом доме. Наряду с этим в статье подробно описаны причины, по которым многовековые национальные традиции все еще сохраняются в сельской местности, но забываются в городах.

Ключевые слова: Кочевник, юрта, воспитание девушки, саукеле (головной убор), церемониал гостеприимства, родовые отношения, замужество дочери.

(Б. Абжет. Казахские традиции воспитания девушек)